

С.А. Тулеубаева<sup>1</sup> , Ж.М. Сабитов<sup>2</sup> , А.М. Ташкараева<sup>2\*</sup> 

<sup>1</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан;

<sup>2</sup>Жошы Ұлысын зерделеу ғылыми институты, Астана, Қазақстан

(E-mail: [samaltu@mail.ru](mailto:samaltu@mail.ru); [babasan@yandex.ru](mailto:babasan@yandex.ru); [assel\\_muxtarovna@mail.ru](mailto:assel_muxtarovna@mail.ru))

## «Зубдат әл-фикрада» еңбегіндегі Бағдаттың алынуы мен Хулагу Елханның саяси рөлі туралы мәліметтер

«Зубдат әл-фикра» еңбегі — XIII ғасырдың екінші жартысындағы Елхан мемлекеті, Мысыр мәмлүк сұлтандығы, Рум селжұқтары және Жошы ұлысы арасындағы саяси, әскери әрі мәдени өзара байланыстарды зерделеуде айрықша маңызға ие деректік мұра. Зерттеудің басты мақсаты — аталған еңбекте қамтылған Хулагу Елханның өмірі мен 1250–1260 жылдардағы саяси қызметіне қатысты мәліметтерді кешенді талдау арқылы олардың тарихи және деректанулық құндылығын айқындау. Мақалада Бағдаттың алынуы, Елхан билігінің орнығуы, Аббас халифатының құлауы және кейінгі қайта қалпына келтірілуі, әл-Хахим би-Амриллаһтың халифа тағына көтерілуі сияқты маңызды оқиғалар қарастырылады. Араб тіліндегі дереккөздерді салыстырмалы талдау нәтижесінде алғаш рет аударылған әрі ғылыми айналымға бұрын енгізілмеген «Зубдат әл-фикра» үзінділері анықталып, зерттеу нысанына айналды. Зерттеу нәтижелері Хулагу дәуірінің оқиғаларын нақты хронологиялық жүйеде зерделеуге, оның Мысыр мәмлүк сұлтандығымен, Жошы ұлысымен және жалпы ислам әлемімен қалыптастырған саяси әрі идеологиялық қатынастарын жаңа қырынан пайымдауға мүмкіндік береді. Зерттеудің әдістемелік негізін деректерге сыртқы және ішкі сын тұрғысынан талдау, мәтіндік салыстыру және тарихи реконструкция әдістері құрайды. Алынған нәтижелер XIII ғасырдағы Елхан мемлекетінің саяси тарихын терең түсінуге, сондай-ақ Хулагу Елханның ислам өркениеті контекстіндегі тарихи рөлін ғылыми тұрғыда қайта бағалауға мүмкіндік береді.

*Кілт сөздер:* Зубдат аль-Фикра, Хулагу Елхан, Берке-хан, Бейбарс ад-Давадар, аль-Хахим би-Амр Аллаха, мәмлүктік Египет, елхандық, Жошы ұлысы, XIII ғасыр, тарихтану.

### *Kipicne*

XIII ғасырдың ортасы Таяу Шығыс аймағы тарихындағы түбегейлі бетбұрыс кезеңдердің бірін айқындады. 1258 жылы Бағдаттың алынуы мен Аббас әулеті халифатының құлауы ислам әлемінің саяси және өркениеттік құрылымына терең өзгерістер енгізіп, жаңа мемлекеттік жүйелердің қалыптасуына жол ашты. Бұл оқиғалар тек саяси күштердің қайта түзілуін ғана емес, сонымен қатар кең ауқымды өркениеттік трансформация үдерісін де бейнеледі. Сол дәуірге куә болған немесе сол оқиғаларды қағазға түсірген ортағасырлық мұсылман тарихшыларының еңбектері қазіргі деректану ғылымы үшін құнды материал. Осындай маңызды деректердің қатарында Рукн әд-Дин Бейбарыс ад-Дауадар әл-Мансуридін «Зубдат әл-Фикра фи Тарих әл-Хижра» еңбегі айрықша орын алады.

Бұл еңбекте Хулагу ханның Бағдатқа жорық жасауы, Аббас әулеті халифатының жойылуы, халифа әл-Мұстасим Биллаһтың тағдыры, сондай-ақ кейін Мысыр мәмлүк мемлекетінде халифат биліктерінің қайта қалпына келтірілуі мен Берке ханның ислам дінін қабылдауы сияқты оқиғалар жан-жақты баяндалады. Аталған мәліметтер XIII ғасырдың екінші жартысындағы Елхан мемлекетінің саяси құрылымын, оның идеологиялық бағдарын, сондай-ақ Мысыр мәмлүк сұлтандығымен және Жошы ұлысымен қалыптасқан өзара қатынастардың табиғатын түсінуде аса маңызды.

Зерттеудің өзектілігі «Зубдат әл-Фикрада» қамтылған 1258–1260 жылдар оқиғаларына қатысты деректерді алғаш рет толық көлемде кешенді әрі салыстырмалы талдаудан өткізуімен айқындалады. Бұған дейінгі зерттеулерде жалпы «Зубдат әл-фикраның» жекелеген үзінділері ғана пайдаланылғанымен, Хулагу Елханның Бағдатқа жасаған жорығы мен оның саяси қызметін сипаттайтын бөлімдер жүйелі деректанулық зерттеу нысанына айналмаған еді.

Жұмыстың мақсаты — «Зубдат әл-Фикрада» қамтылған Бағдаттың алынуы мен Хулагу Елханның саяси қызметіне қатысты деректердің аудармасын ұсынып, оларды мазмұндық ерекшелігі, нақтылығы және ғылыми құндылығы тұрғысынан талдау арқылы тарихи маңызын айқындау. Осы мақсатқа жету үшін зерттеуде деректерге сыртқы және ішкі сын, мәтіндік салыстыру, тарихи

\* Хат-хабарларға арналған автор. e-mail: [assel\\_muxtarovna@mail.ru](mailto:assel_muxtarovna@mail.ru)

реконструкция әдістері қолданылды. Сонымен бірге Бейбарыс ад-Дауадардың баяндауы Рашид әд-Дин, Ибн әл-Әсир және Вассаф сынды орта ғасырлық авторлардың еңбектерімен салыстырыла қарастырылды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы Бағдаттың алынуы және Хулагу билігінің бастапқы кезеңіне қатысты бұрын жарияланбаған «Зубдат әл-Фикра» үзінділерін алғаш рет аударып, ғылыми айналымға енгізуінен көрінеді. Алынған деректер Хулагу дәуірінің хронологиялық шеңберін нақтылай түсіп, XIII ғасырдың орта шеніндегі Таяу Шығыстың саяси динамикасын, ислам әлеміндегі күш тепе-теңдігін және Елхан мемлекетінің идеологиялық негіздерін жаңа қырынан пайымдауға мүмкіндік береді.

#### *Материалдар мен әдістер*

Зерттеудің негізгі дереккөзі — Рукн әд-Дин Бейбарыс ад-Дауадар әл-Мансури құрастырған «Зубдат әл-Фикра фи Тарих әл-Хижра» еңбегі. Еңбекте XIII ғасырдың орта шенінде Таяу Шығыста орын алған саяси оқиғалар, соның ішінде 1258 жылғы Бағдаттың алынуы және 1260 жылдардағы Хулагу Елхан билігінің қалыптасу кезеңі жан-жақты сипатталған. Дереккөзде Аббас әулеті халифатының құлауы, Бағдаттың қоршауы, халифа әл-Мұстасым Биллаһтың тағдыры, сондай-ақ Берке ханның исламды қабылдауы мен оның Мысыр мәмлүк сұлтандығымен саяси байланыстары жөнінде аса құнды мәліметтер бар.

«Зубдат әл-Фикра» еңбегіне еуропалық және орыс шығыстанушыларының назар аударуы XIX ғасырдың екінші жартысынан басталады. 1884 жылы В.Г. Тизенгаузен шығарманың жекелеген үзінділерін араб тіліндегі түпнұсқадан орыс тіліне аударып, оларды алғаш рет ғылыми айналымға енгізді [1]. XX ғасырдың екінші жартысынан бастап Хулагу мен Мысыр мәмлүк сұлтандығы арасындағы қатынастар мәселесі Д. Морган [2], П. Джексон [3], Р. Амитаи [4] және Д.С. Ричардс [5] сынды шетелдік зерттеушілердің де назарын аудартты. Бұл ғалымдар XII–XIII ғасырлардағы саяси тарихқа қатысты деректерді салыстырмалы талдау арқылы Хулағудың ислам әлеміне ықпалын геосаяси тұрғыдан бағалауға ұмтылды.

Д. Морган өз зерттеуінде Моңғол империясының саяси және әскери құрылымын, сондай-ақ оның Батыс Еуропамен қарым-қатынасын жан-жақты зерделейді. Ол Хулагу дәуірін Шығыс пен Батыс өркениеттерінің түйісу кезеңі ретінде сипаттап, моңғол билеушілерінің идеологиялық және дипломатиялық стратегияларына терең талдау жасайды. Осыған ұқсас түрде П. Джексон да моңғолдар мен Батыс Еуропа арасындағы саяси, әскери және мәдени байланыстарды зерттеп, моңғол шапқыншылықтарының еуропалық өркениетке тарихи және деректанулық тұрғыдан ықпалын айқындайды.

XXI ғасырда А.А. Порсин Рукн әд-Дин Бейбарыс ад-Дауадардың баяндауларына алғаш болып кешенді мәтіндік және деректанулық талдау жүргізді. Салыстырмалы зерттеу әдісі арқылы ол Жошы ұлысы, Мысыр мәмлүк мемлекеті және Елхан мемлекеті арасындағы өзара байланыстарға қатысты жаңа мәліметтерді анықтады [6]. Зерттеуші Рукн әд-Дин Бейбарыс ад-Дауадар әл-Мансуридің баяндауы мен Рашид әд-Дин, Вассаф және Ибн Тагриберди еңбектері арасындағы өзара сабақтастық қатынастарды егжей-тегжейлі қарастырды. А. Порсиннің пікірінше, «Зубдат әл-Фикра» тек мысырлық шежірелік дәстүрдің көрінісі ғана емес, сонымен қатар Бағдаттың құлауынан кейінгі Таяу Шығыс пен ислам әлеміндегі саяси және діни өзгерістерді бейнелейтін аса құнды дереккөз [6, 30–32-б.]. Ол Бейбарыс ад-Дауадардың сипаттамаларындағы тарихи нақтылықтың жоғары деңгейін атап өтіп, бұл еңбектің XIII ғасырдың соңы мен XIV ғасырдың басындағы Алтын Орда мен Мысыр мәмлүк сұлтандығындағы саяси үдерістерді қалпына келтіру үшін маңыздылығын ерекше көрсетеді.

Соңғы жылдары Ж.М. Сабитов пен С.А. Төлеубаева осы бағыттағы зерттеулерді жаңа ғылыми деңгейге көтерді. Олардың еңбектерінде Бейбарыс ад-Дауадар мәтінінің түпнұсқалық сипаты мен нарративтік ерекшеліктері талданып, «Зубдат әл-Фикраның» қазақ тіліне түсірілген аудармасы жан-жақты түсіндірмелермен бірге ұсынылды [7–9]. Сонымен қатар аталған зерттеушілер «Зубдат әл-Фикраның» Жошы ұлысы мен Елхан мемлекеті арасындағы саяси және діни қатынастарды зерттеуге арналған негізгі дереккөздердің бірі ретінде қарастырады. Ж.М. Сабитов Бейбарыс ад-Дауадар баяндауындағы мәліметтерге салыстырмалы деректанулық талдау әдісін қолданып, XIII–XIV ғасырлардағы Алтын Орда мен Мысыр мәмлүк мемлекеті арасындағы байланыстардың табиғатын және ақпарат алмасу арналарының сипатын айқындады [7, 554–556-б.]. Ал С.А. Төлеубаева Бейбарыс баяндауының поэтикалық және риторикалық ерекшеліктерін талдап, исламдық шежіре дәстүрінің

әдеби-тарихи канондарының «Зубдат әл-Фикрада» қалай көрініс тапқанын тереңірек зерделеді [9; 102-б.].

Әдіснамалық тұрғыдан зерттеу деректің шығу төркіні мен мәтіндік құрылымына, оның баяндау тілі мен идеологиялық бағдарын талдауға ерекше мән береді. XIII ғасырдағы исламдық шежірелер арасындағы өзара байланыстар жүйесін қалпына келтіру мақсатында Бейбарыс ад-Дауадар пайдаланған мәліметтердің құрылымы мен мазмұны жан-жақты қарастырылады.

Жалпы алғанда, бұл зерттеу «Зубдат әл-Фикраны» XIII ғасырдың орта шеніндегі Бағдаттың алынуы және Хулагу Елханның саяси рөлі туралы деректі мәліметтерді қамтитын бірегей тарихи құжат ретінде қарастырады. Жүргізілген талдау исламдық Шығыс пен моңғол әлемі арасындағы мәдени әрі идеологиялық өзара ықпалдастықты тереңірек түсінуге, сондай-ақ олардың өзара әсерінің тарихи контекстін нақтылауға мүмкіндік береді.

#### *Нәтижелері*

Төменде «Зубдат әл-Фикра фи Тарих әл-Хижра» еңбегінен аударылған үзінділер мен оларға берілген деректанулық түсіндірмелер ұсынылады. Аударманы **С. Төлеубаева** әзірледі, ғылыми түсіндірмелерді **Ж. Сабитов** жазды, ал мақаланың құрылымдық бөлімдерін **А. Ташкараева** жүйеледі.

#### *Алты жүз елу алтыншы жыл*

#### ***Хулагудың Бағдат қаласын 656 жылы басып алып, мүміндердің әмірі имам әл-Муста'сим Билләһты өлтіруінің баяндалуы***

Сол кезде (сол жылы – аудармашыдан) әл-Карактың әмірі әл-Малик әл-Муғис өз әскерімен және бахриттерді қасына ертіп, Мысыр жеріне қарай аттанды. Ас-Салихияға келгенде, Мысыр әмірлерінің ішінен оған құпия хат жазып жүргендер оған қосылды. Олар — ‘Изз ад-Дин ар-Руми, әл-Кафири, әл-Хаууаш және басқалар еді.

Мысыр әскері жорыққа шығып, екі жақ кездесті. Әл-Муғис пен оның серіктері жеңіліске ұшырап, қуғынға түсіп, қашқан күйде кері қайтты. Ол жалғыз өзі әл-Карак бағытына қашып жетті, қасында оның тобының аз ғана адамы қалды.

Ал бахриттер жеңілген кезде, олар әл-Ғураға қарай бет алды. Онда оларды шығыстан үрейленіп келген аш-шахразурийа [шығыстан үркіп] келіп қарсы алды. Екі жақ кездесіп, өзара келісімге келді. Әл-Малик аз-Захир олардың қыздарына үйленді, бұл хабар әл-Малик ан-Насырдың құлағына жетті. Олардың қуаты артып, Шамға қарай ұмтылып, оның ел ішіндегі тәртібін бұзады деп қорықты. Сол себепті оларға қарсы шығу үшін өз әскерін жорыққа әзірледі. Олар әл-Агуарда ұрысқа түсіп, ан-Насырдың әскерін (әл-Малика ан-Насыра әскерін — аудармашыдан) күйрете жеңді, олар жеңіліс тауып, кері қайтты.

Олардың саны көп еді, бірақ азайып қалды, бұл жағдай ан-Насырды ызаландырды. Өзі атқа қонып, сарбаздарын жиып, оларға қарсы аттануға ниет етті. Бірақ олар (оның әскерлері — аудармашыдан) соғысуға шамалары жоғын, күш-қуаттарының жетпейтінін түсінді де, бастарын аман алып қалу үшін әр тарапқа бытырай қашты.

Бахриттер әл-Каракқа барып, әл-Муғистен паналап қалуды көздеді. Аш-шахразурдийа болса, Мысыр жаққа бет алды да, әл-Ариште тұрған түркімендерге тап болды. Олар сумен қоршалған жерде соғысып, арасында қастықпен қаптаған қан көлдей болғанша шайқасты.

Әл-Малик ан-Насырға бахриттердің әл-Муғиске қайтып барғаны және елді бүлдіргендердің бәріне оның пана беріп отырғаны жайлы хабар жетті. Ол оған елші жіберіп, оларды тапсыруды талап етті, егер оларды жасырып ұстаса, оған қатал шара қолданатынын ескертті. Ал әл-Муғис бұл ісінде ан-Насырдың талабына қарсы тұрды, бірақ шарт қойып, белгілі бір мақсатты көздеді. Сонда әл-Малик ан-Насыр әскерін бастап, бүкіл күш-жігерімен әл-Карак үшін шайқасуға аттанды. Ол Барку Зайза'ға шабуыл жасады және әл-Муғиске қатаң ескертумен хат жіберді.

Ол болса (әл-Муғис) ан-Насырға оларды тапсырудан басқа қарсы тұрарлық күш таба алмайтынын түсінді. Сондықтан олардың мәселесінде айлаға жүгінді: қолына түскендерін ұстап алды, ал ұстай алмағандары одан бой тасалап қашып құтылды. Сөйтіп, қолға түскендерін ол әл-Малик ан-Насырдың өзіне жіберді. Бұлар — Шамс ад-Дин Сункар әл-Ашкар, Сейф ад-Дин Сегиз, Сейф ад-Дин Барамик және басқалар еді. Әл-Малик ан-Насыр оларды Алеппо қамалына жіберіп, онда

олар Хулагу әскерлері келгенге дейін зынданда ұсталды. Хулагу қаланы алған кезде оларды өзімен бірге еліне алып кетті, бұл жөнінде біз кейін айтамыз.

Ал әмір Рукн ад-Дин Бейбарс әл-Бундукдари, әмір Сейф ад-Дин Қалауын әл-Альфи әл-Махдум және олардың серіктеріне келсек, әл-Муғис оларды ұстай алмады, өйткені оларға хабар дер кезінде жетіп, олар осы өңірге тарап, біраз уақыт бой тасалап жүрді. Кейін олар Мысыр жеріне келіп, әдеттегі тәртіппен әскери қызметке тұрды.

Риуаят етуші былай дейді: «Мен марқұм сұлтан, мәртебелі әл-Малик ан-Насырдың марқұм Сейф ад-Дин Қалауынға өз басына және әл-Малик аз-Захир Рукн ад-Дин Бейбарс әл-Бундукдариға қатысты болған оқиғаларды қалай баяндағанын айтамын. Ол кезде екеуі де аз ғана адаммен, жан-жаққа тарыла көшіп-қонып жүрген, қорқыныш пен күйзеліс үстінде, тұрақты тұрарлық үй таба алмай, ан-Насырдың оларды табуға ұмтылып іздеп жүрген, ал әл-Муғис оларды тұтқындамақ болып әрекет еткен, ал Мысырдағы әл-Музаффар да оларға сенім артпайтын».

Ол былай деді: «Осындай ауыр халде біз шейх ‘Әли әл-Буқаға [Алла оны пайдалы етсін!] баруды жөн көрдік. Ол кезде ол әл-Халилдегі құжырасында [тыныштықта] еді. Бір күні мен асқа зәру болып, жолыққан бір жолаушыдан қолындағы асын көрдім. Одан аштықтан тарығып, өзіме азық сұрадым, бірақ ол беруден бас тартты. Қатты ашу үстінде мен оған соққы беріп, күшімді есептемей салған сол соққыдан ол жан тапсырды». Мен қатты өкініп: «Аштық пен жоқшылыққа сабыр ету — қан төккеннен жақсырақ», – дедім. Содан кейін біз шейхе бет алдық. Оған кіргенімізде, ол әмір Рукн ад-Динді қарсы алып, қолын беріп амандасты. Мен де оған жақындап, амандаспақ болдым, бірақ ол мені көре сала жүзіне үрей білдіріп, бетін бұрып алып: «Мынау Алла харам еткен жанды қиюға батылдық еткен», – деді. Оның осылайша ашып айтуына, хабардар болуына және маған қол беруден бас тартуына таңғалдым.

Әмір Рукн ад-Дин оған ілтипат танытып, өтініш білдірген соң, шейх маған отыруға рұқсат етті және маған үйрене бастады. Біз тұрып қоштасқалы жатқанда, ол әмір Рукн ад-Дин Бейбарстың қолын ұстап, оған дұға етіп: «Сен Мысыр жеріне барасың, әрі онда билік саған өтеді. Ізгілік жасауға ұмтыл!», – деді. Одан кейін мен оған жақындағанымда, ол маған да қолын беріп, әмірге айтқанын маған да айтты. Біз оның осы сөздеріне таңғалдық, себебі біз сол кезде өте ауыр, сүреңсіз (көңілсіз – аудармашыдан) күйде едік.

Ал тағдырдың жазуымен, әмір Рукн ад-Дин Бейбарс билеуші (патша) болды [және әл-Мәлик аз-Захир деген титул берілді]. Ол өзіне жазылған істерді орындады, ал билік кейін Махдумға (мырзаға) (Алла оған рақым етсін!), одан соң оның әулеті мен ұрпағына күшпен өтті, бәрі Алланың құдіретімен және Оның еркімен болды. Бұл — әулиелердің кереметтерінен, таза жүректілердің ашылымдарынан және ғайып сырларына қанық адамдардың хабардарлығынан еді, бұлар жайлы былай айтылған:

*Бастаушы жүректердің көздері бар,*

*Қарап отырғанда көрмейтін нәрсені көре алар.*

Сол кезде (сол жылы — аудармашыдан) Хулагу татар әскерімен бірге Бағдат қаласына қарай жорыққа шықты және оны алу үшін соғысты [Онымен бірге ірі қолбасшылардың қатарынан Кукаль-нойон, Алькан-нойон, Кетбуга-нойон, Хуладжу-нойон, Маркадих-нойон және Сугун-нойон болды, ал маликтерден (билеушілерден) — Дауд, сондай-ақ өз әскерімен малик әл-Курджа болды]. Ол Байжуаға елші жіберіп, онымен келгендер қоршауды көріп, көмекті көбейтсін деген мақсатпен оны ар-Рум өлкесінен шақыртты.

Оған бұл хабар жеткенде, жолға шығуға батылы бармады, кідірісті жөн көріп, өзімен бірге болған әмірлермен [олар — Арслан Джубан, Сармун-нойон және Анкарат] бұл мәселе жөнінде кеңесті. Олар Хулагуға бармаудан бас тартты [Ол амалсыз келісіп, елден шығуға дайындалды, алайда Хулагуға мынадай хабар жіберді]: Жолда әл-Қарасили тайпаларының, күрділердің және әл-Йарукидің көп бөлігі жиналып тұрғанын, олардың басында Шараф ад-Дин ибн Биляс тұрғанын, олар өткелді басып алып, жолды бөгеп тастағанын, сондықтан Дияр Бакир шекарасынан шығатын ешбір мүмкіндіктің жоқ екенін айтты. Байжуа бұл арқылы өзін қорғауды ойлаған еді, себебі, ашық түрде бас тартудың жолын таба алмады.

Хулагу өзімен бірге жүрген түмендердің ішінен екі түменді жорыққа аттандырды. Олардың бірін Қадған, екіншісін Кетбұға-ноян басқарды. Олардың міндеті – жол ашып, оны күрділер мен өзге де топтардан тазарту еді. Сол кезде күрділер мен әл-Қарасиль шабуылға ұшырап, Арзанджан халқы олардан қашып, Азун Сур деп аталатын тауда бекінді. Татарлар Арзанджанға жеткен кезде оны алды, Камахқа қоршау орнатып, күрділерді талқандап, тұтқындап, өлтірді. Қадған мен Кетбұғаға кейіннен Байжуа, Ходжа-ноян және олармен бірге болғандар келіп қосылды, содан соң барлығы Хулагуға

карай бет алды. Байжуа және онымен бірге болғандар Бағдаттың батыс жағында тоқтады, ал Хулагу және онымен жүргендер оның шығыс жағында орналасты. Олар Бағдатқа бұрын-соңды болмаған аса қатты қоршау жасады. Қаланы түгел қоршап, шатырларын айналдыра тігіп қойған кезде, оған (Бағдатқа – аудармашыдан) оның әскері толық саны, жарағы, жиыны және жасақтарымен бірге, бас дауадары Муджахид ад-Дин Айбектің басшылығымен шықты. Оның беделі зор, құрметі үлкен еді, және ол он мың салт аттыдан тұратын жасақты басқарды. Халифа оған татарлармен шайқасуды тапсырды. Олар [Мұсылмандар оларға қарсы шыққан кезде, татарлар жеңіліске ұшырап] кейін шегінді. Дауадар және онымен болғандар оларды күні бойы куды, олардың көп бөлігін қырып салды. Түн түскенде мұсылмандар қууды тоқтатты, себебі өздерінің жеңіске жеткеніне сенімді болды. Бірақ таңертең олар байқап үлгермей жатып, татарлар қайта оралып, шабуыл жасады, оларды талқандап, күйретті. Өйткені олардың басым бөлігі түнде жеңдік деп ойлап, қалаға кіріп кеткен еді. Бұл жеңіліс болған кезде мұсылмандар Бағдатқа жеңіліспен оралды. Сол түні қалада бір жарылыс болып, соның салдарынан Тигр өзенінің сулары тасып, жолдар мен өткелдерді басып қалды, әскерлерді қуа жетіп, олардың бір бөлігін суға батырды.

Бұлардың барлығы — тағдырдың жазуымен жүзеге асты және Жаратушының қалауымен болды. Татарлар Муджахид ад-Дин Айбек ад-Дауадарды, оның бес мың салт аттының басшысы болған ұлы Асад ад-Дінді, Сүлейман шахты [ибн Баржама], халифтың ту ұстаушы әмірін, бірнеше Бағдаттық әмірлерді және таңдаулы жауынгерлерді өлтірді. Олар адамдарды тұтқынға алды. Ал аталған үш адамның басын олар Мосулға алып барып, қала әмірін қорқыту және оның тұрғындарын үрейлендіру мақсатында қаланың қақпаларына іліп қойды. Бағдат тұрғындары үлкен дертке және орасан бақытсыздыққа душар болды. Олар Жаратушы Алла өзінің Қадірлі кітабында айтқанындай хәлге түсті: «Сендер екі бүлікшіліктің алғашысына кірген кезде, Біз сендердің үстілеріңе аса қуатты құлдарымызды жібердік. Олар жерлерді кезіп өтті. Осылайша уәде жүзеге асты». Халифа қатты қорықты және өзінің ақырының жақындағанын сезді.

*Ол не істеуге бел байларын білмей қалды —*

*оның алдында игілік бар ма, әлде артында ма, соны да аңдай алмады.*

Бағдат қаласының қақпалары жабық еді, татарлар оны қоршауда ұстады. Содан кейін қақпаларды күшпен бұзып, осы жылдың мұхаррам айының жиырмасында таңсәріде шаһарға кірді. Олар оның тұрғындарына қылыштарын сермеп, өлім тостағандарының ең ащы жұтымдарын ішкізді, жесірлердің, жетімдердің, жесір қалған ерлердің санын көбейтті, кәрі-кұртанды да, сәби баланы да аямай қырды. әл-Муста‘сим Биллаһты тұтқындап, Хулагуға алып келді. Ол әмір беріп, халифаны қапқа салып, аттармен таптатқызды, ақырында ол жан тапсырды. Бұл — патшалардың және лауазымды адамдардың қанын төкпеу деген татарлардың дағдысы еді. Одан соң олар оның әйелдерін, қыздарын, сарайында болғандардың бәрін тұтқынға алды, оларды зорлап, арын төкті, әл-Адрдың зайыбын және гаремін өртеп жіберді, күндерді мен қызметшілерді олжа етті. Дұшпан халифаттың қазыналарын, байлығын, ақшаларын, сирек асыл тастары мен сән-салтанатты заттарын қолға түсірді, Бағдат қаласын және оның ішінде болған көп қазынаны, сирек кездесетін асыл дүниелерді, сансыз мол мүлікті тонап талқандады.

Бағдат қаласы — бейбітшіліктің тұрағы, исламның қасиетті мекені, Әмір әл-мүмининнің (діндарлардың басшысы) ордасы, мұсылмандардың панасы, қалалардың інжу-маржаны, саудагерлердің орталығы еді, ол білім иелері мен атақты кісілердің, өнер иелері мен саудагерлердің, жұрттар мен қауымдардың басын қосты. Бұл оқиға — ең ауыр апаттардың бірі, бұл қайғы — ең зор қасіреттердің бірі еді. Ал Алла — болған мен болатынның Барлық Иесі, және Оған барлық жағдайда ұлы мадақ тән.

[Оның өлтірілуі осы аталған жылдың мұхаррам айында болды, сол кезде ол да, оның ұлдары да қаза тапты. Оның әл-Мүбәрәк есімді бір ұлы ғана тірі қалды, Хулагу оны өзімен бірге алып кетті. Бағдатта өлтірілген жауынгерлердің, қызметшілердің, таңдаулы адамдардың және қарапайым халықтың саны шамамен екі мың мың (екі миллион — аудармашыдан) үш жүз мың болды] [отыз мың жан]. әл-Муста‘сим Биллаһтың халифалығы он алты жыл және бірнеше айға созылды. Бағдаттағы халифат осымен аяқталды, әрі сол өлкедегі имамат та тоқтады:

*Мінберлер мен тақтар олардан босады,*

*Өлімдеріне дейін оларға тыныштық болғай.*

Олар қала бөліктерінде және оның шет аймақтарында жеті күн бойы қылыш сермеді. Қанша... және қаншама тыйым салынған қан төгілгенін тек Алла ғана біледі [қанша қоныстар қирап, қаншама гүлдей жайнаған жүздер тозаңға көмілді. Бағдат жоғалуға бет алған қаңыраған үйінділерге айналды]:

*Желеген жанның мақсаты болмағандай,  
Кең өңірінде енді қарбалас пен жиналыс болмағандай.  
Бұл жерде шабуылға төнген тұлпарлар да кісінеген жоқ,  
Жазды өткізуші ләззат алмай, көктемді қарсы алушы қуаныш көрмеді.  
Онда енді шеру толып,  
Жиналыстарда шешен сөз иесінің дауысы естілмеді,  
Ізденушілерге арналған уағыздар да,  
Ақылды жанға арналған гибраттар да  
Қолдаушы пікірі барларға тыйым мен ескерту қызметін атқармай қалды.*

Сегізінші күні Хулагу қылыштарды қайта көтеруге бұйрық берді және бұл халыққа ауыр тиді. Ол күндері уәзір болған Му‘аййид ад-Дин Мұхаммад бен әл-‘Алькамиге қатысты Хулагу оны өзіне шақыртып, оның жаман жолына, нәпсісінің бұзақтығына, мал-дүниеге құмарлығына байланысты оған ескерту жасады және оның жаман / іс-әрекеттері үшін жазалау белгісі ретінде оны ұруға бұйрық берді. Ол жалбарынып, өзінде бар мал-мүлкін және Иракқа салынатын алым-салықты төлеп, құтылуды ұсынды. Бірақ Хулагу оның өтінішіне құлақ аспай, керісінше оны еш мейірімсіз өзінің көзінше өлтіруге бұйрық берді. Алла оны өзі қазған құдыққа тастатып қорлады.

Ол Хулагудың Бейбітшілік ордасына жорық жасауына және исламның қасиетті ордасын арамдауына себеп болған маңызды жайттардың бірі еді. Ол Хулагуға қайта-қайта хаттар жолдап, оны сонда бағыттауға барынша ынталандырып, оған жеңіс пен көмек уәде етіп, көшу мен қолдауды меңзеп отырған. Бұған оның шиит болғаны себеп еді, ал шииттер Бағдаттың батыс бөлігіндегі үлкен аудан — әл-Кархада тұратын.

Ол жердің тұрғындары халифа әл-Муста‘сыма Билляхтың оларды тонау туралы жарлық шығаруына себеп болған бір іс істеді; олар тонауға ұшырап, бұл уәзірге қатты әсер етіп, оған үлкен күйік салды. Имамиттер қауымына деген оның ашуы, төзімсіздігі мен өшпенділігі оны Хулагуға жазуға және оның назарын Ирак жерлеріне аудартуға итермеледі. Ол Хулагу өзін кешіретін және оған жақсы қарар деп ойлаған, бірақ Хулагу оны зұлымдықпен өлтіріп, жаман сөздермен балағаттады.

Аталған уәзір Хулагуды шақыруға бел байлаған кезде ол Ирбиль әмірі, сахиб Тәж ад-Дин бен әс-Салайаға өз құпияларын ашып, былай деп жазды: «Құл Мұхаммад әл-‘Альками түнгі намазбен және игі... мадақтармен қызмет етеді. Ол ежелгі даңқын қайта дәріптеу үшін солай қызмет етті. Оның еңбектері егжей-тегжейін ашпай-ақ жеткілікті. Мырзаның қуаты (қажеттілік, қысылу, қиындық) кезінде бұл игі қасиеттерге мұқтаж сәтінде, ол оның қызметінен Алла оның күндерін мейірімсіз қалдырмасын деген тілектен кейін ғана бас тартады. Ол ұлы әл-Кархты тонап, Пайғамбардың құрметті төсенішін аяқтасты етті. Олар хашимиттік әулетті (әл-Хашими әулетін) тонап, алауиттерді тұтқынға алды. Осы жерде Газиййя адамдарының бірі айтқан сөзді келтіру орынды:

*Ақымақтар күлетін істер бар,  
Ал ақылды адам олардың салдарынан жылап отырады.*

Оларда Хусейннің (Алланың оған сәлемі болсын!) мысалы бар, оның қасиетті орны тоналып, қаны төгілді, бірақ бұл үшін ешкім кек алынды деп есептемеді:

*Мен оларға бас иіп бұрылумен бұйрық бердім,  
Бірақ олардың жолына таң атпай ертеңгі күннің ешбір нұсқауы айқын болмады.*

Олар осылай жасауға бел бұған еді. Алла олардың бұл шешімін жүзеге асырмасын, олардың өктем ниеттерін орындамасын, Алайда өздерінің ішінде елді тонау мен қонысты басып алу жайлы жаман ойлары пайда болды. Құл оларды ескертіп, жолдарына тосқауыл қояды. Оларға жасырын түрде хат жіберіп, ашық түрде де ескерту жасады:

*Мен күлдің астынан лапылдаған ұшқын көріп отырмын,  
Ол жалынға айналуға дайын тұр.  
Егер оны халықтың даналары өшірмесе,  
оның отыны өртке айналған денелер мен көмірге айналған бастар болмақ.*

*Мен таңырқап айттым:*

*«Шіркін, менің өлеңім  
наданды оятса немесе ұйықтап жатқанды селт еткізсе зой!»*

Бұл хаттан кейін құлға жауап келді: шииттердің барлығын қыру, арамдық жасау, түбін өртеп құрту және сылтауларды жою — бұл күйреудің келуі сөзсіз. Ендеше біз айтқан нәрсені тында және біз бұйырғанға мойынсұн. Әйтпесе біз саған ажалдың суын толығымен ішкіземіз. Сенің сөзің — жай

сөз ғана, ал сенің тыныштығың — өзіңдікі! Біз сені Бағдатта таз адамның қынасынан да әлсіз, қолсыздың сақинасынан да дәрменсіз күйде қалдырамыз:

*Уәзір өз құдіретіне және кек алуына мәз еді,  
өлеңдермен толтырылған шиыршықтарды жинап отырып:  
көгершін қалай күмбірлейді — оған бағынатын тыйым да жоқ, орындалатын бұйрық та жоқ.  
Мен, әлбетте, әл-Мутанаббидің қосымшаларында жазылғандай істеймін:  
Адамдар ашуланғанда қауырсынды қолға алады,  
Содан кейін онымен тілектерінің суын кешіп ішеді.  
Олар жауларын, саны көп болса да, сол қауырсынмен құлатады,  
Және олар қылыштың жүзімен ала алмағанды содан табады.  
Біз оларды қарсы тұра алмайтын әскермен қуып жетеміз,  
міндетті түрде бағындырамыз және олар қорлық көреді:  
Мұхаммед әулетінің жасырын сырлары —  
егер сен адал сақтаушы бола алсаң, саған тапсырылады.  
Екі жұлдыздың таңертең және кешке  
Солтүстік жұлдызында түйісіп тұрғанын көрсең —  
Онда Мұхаммед әулетіне кек қайтарылады,  
және олардың дұшпандарын жою талабы аяқталады.  
Ендеше мен айтқанға мұқият бол  
және «ән-Нахльдің» басына, «Садтың» соңына қара. Онда былай делінген:  
Түннің жебелері дәл тиеді,  
егер оны мойынсұну жібінен тартып атсаң.  
Олар көздегенді жерге жалпайтып түсіреді,  
саған сауытты да, өзге тосқауылдарды да жарып өтеді.  
Жауап — сен көргеніңде, оқығаныңда емес. Тыныштық болсын!*

Хулагу Машрық аймағынан Хорасанға және парсылар еліне ‘Аля ад-Динмен, Аламут билеушісімен, кездесіп, дінсіздерді түпкілікті жою мақсатымен жолға аттанды. Тағдыр уәзірдің сол әрекеттері арқылы іске асуы нәтижесінде біз баяндаған оқиғалар орын алды. Осыдан кейін Хулагу Бағдат қаласын тастап шығуға бел буған сәтінде оны өртеп жіберуді қалады. Сол кезде Кетбұға ноян оған: «Бұл қала — қалалардың анасы, саудагерлер жиналатын орын. Егер мәлік оны сақтап қалса, одан көп табыс алады», – деді. Сонда Хулагу оны сақтап қалды, бірақ жүрегінде оған өшпенділік туды, содан кейін ол Евфратқа қарай бет алды.

#### ***Татарлардың Мияфаркинді жаулап алуының аталуы***

Сол кезде (сол жылы – аудармашы ескертуі) Хулагу өз әскерінің бір бөлігін Сартақ ноян мен Қатған ноянның басшылығымен Мияфаркинге аттандырды. Олар қаланы қоршауға алып, жаулап алды. Олар қаланы екі жыл бойы қоршауда ұстаған еді. Оның билеушісі әл-Малик әл-Камиль және оның мәмлүктерінен тоғыз адам қолға түсіріліп, Хулагуға жеткізілді де барлығы өлтірілді. Тек Қара Сұңқар есімді бір мәмлүкті Хулагу тірі қалдырды, себебі ол алып құстарды баптап, аңға салатын әскербасы еді. Сонда Хулагу оған бірнеше жыртқыш құстарды берді және оны өз қамқорлығына алды.

#### ***Осы жылы татар қолбасшысы Байжуанының қаза табуының баяндалуы***

Сол кезде (сол жылы – аударушы ескертпесі) Хулагу Байжуға өшігіп, одан кек алды. Себебі ол одан Байжудың бүлік жасауға ниеттенгенін және Хулагу оны шақырған кезде қасақана кідіріп, Ар-Рум елінде билікті жалғыз иеленгісі келгенін естіген еді. Бағдат пен Ирак өлкелерін жаулап алған соң, Хулагу байқатпай у берді, ол соны ішті. Айтуларына, ол өлер алдында мұсылмандықты қабылдап, өзіне шаригат бойынша ғұсыл беріліп, сол жолмен жерлеуді өсиет еткен.

#### ***Мосул билеушісі әл-Мәлік әр-Рахимнің Хулагуға аттанғаны туралы баяндау***

Сол кезде Мосул билеушісі әл-Мәлік әр-Рахим Бадр әд-Дин Лу’лу’ Хулагуға бағыныштылығын білдіру мақсатында және тарту-таралғылар ұсыну үшін жолға шықты. Ол өзімен бірге қымбат сыйлықтар, бағалы заттар, жауһарлар және қамал мен қаланың кілттерін алып барды. Оны мұндай қадамға баруының себебі — өз бағыныштыларына деген мейірімі және патшалығының тұрғындары үшін қорқынышы еді. Татарлар оларды да Бағдат халқын душар еткен апатқа ұшыратады деп

қауіптенді. Сондықтан, ол өз мүлкімен және өз басымен «құтқаруды» таңдап, Хулагудан олар үшін рақымшылық сұрауды көздеді.

Мосул тұрғындары оны қимай шығарып салды. Хулагуға жетіп, тарту-таралғыларын, сирек кездесетін таңғажайып дүниелерін ұсынып, құрмет көрсетіп, ізет білдірді. Содан кейін, Мосул патшалығын оның билігіне тапсыратын жарлық жазып берді. Бұған дейін, Ирактың екі жағына жорығын бастағанда, оған тарту-таралғылармен бірге өз ұлы әл-Мәлик әс-Салих Рукн әд-Дин Исмаилді жіберген еді. Ол Хулагумен кездесіп, ары қарай оның бауыры Манкуканға Ордаға аттанды.

Хулагу оны Хорезм шахының қызына үйлендірді, көп ұзамай жарлықпен қайтып келді. Оның аман-есен оралуына халық қуанды, бұл қуанышқа орай Мосул безендірілді.

Одан кейін ол Мияфаркинге аттанып, оның қоршауына қатысты, қайта оралып, татар хандарының қоршау ісінде көмектесу үшін өз бауыры мен ұлын жарақтандырды.

Сол кезде (сол жылы — аудармашыдан) Хулагу өз қолбасшыларының бірі Рактуды түменімен бірге Эрбильге жіберді, өйткені ол оған қарай жүргенде, Эрбиль оған қарсы шабуыл жасағысы келген еді. Бірақ оның тұрғындары: «Біз — мойынсұнған мұсылман бұқарасы, патшаларға бағыныштымыз», – деді, сонда ол кетіп қалды. Кейін Хулагу оны (қаланы – аудармашыдан) толық бағындыру үшін осы қолбасшыны қайта жіберді. Ол қалаға шабуыл жасады, ал оның тұрғындары барынша қарсыласты. Татарлар қаланы алты ай бойы қоршауда ұстады, ақыры олардың күші әлсіреп, қаладан кетті, ал тұрғындар қаланы Шараф ад-Дин әл-Курдидің қолына тапсырды және өз байлығымен, балаларымен бірге қалаған жағына көшіп кетті.

Одан кейін халифаның уәлиі Таж ад-Дин бен ас-Саляйа қаладан шығып, Хулагуға бет алды, бірақ ол оны қаланы тапсырмаудан бас тартқан адам деп ойлап оны өлтірді. Алайда бұл шындыққа жанаспайтын еді. Керісінше, ол қаланың тұрғындарына кешірім сұрап, бағынуды ұсынған, бірақ олар қабылдамай, өз еріктерімен «ақырына дейін төзуді» таңдаған болатын. Олар сол өңірдегі ерік-жігері ең мықты, ең төзімді халықтар қатарында еді.

#### ***Әл-Мәлик ән-Насырдың өз ұлын Хулагуға жіберуі туралы баяны***

**Сол кезде** Шамның әмірі әл-Малик ан-Насыр Салах ад-Дин Юсуф бен ‘Азиз татуласу ниетімен өзінің ұлын Хулагуға жіберді. Ол әкесінің атынан сый-сияпат пен қымбат бұйымдар алып барған еді, бұл істе ол Мосул билеушісінің үлгісін ұстанды. Ұлы оған жеткен кезде, Хулагу оның тартуларын қабылдап, оның әкесінің Ордаға келуде неге кешіккенін сұрады. Сонда ол әкесінің Исламның жаулары жағалауда тұрғандықтан, өз елін тастап кете алмайтынын айтып, кешірімін жеткізді. Хулагу оның бұл уәжін қабылдап, оны әкесіне кері қайтарды.

*Алты жүз елу сегізінші жыл*

**Сол кезде** (Сол жылы — аудармашы ескертпесі) Хулагу Евфраттан өтіп, біртіндеп әл-Мәлик ан-Насырдың жерлерін бағындыра бастады. Ан-Насырдың бұдан мазасы кетті [оның алаңдаушылығы күшейді, күйзелісі ұлғайды]. Ол өз әулетін Мысыр жеріне бағыттап, әзірлей бастады. Бұл Шам әскерлерін мазасын алды, олардың әрқайсысы өзін және отбасын оның үлгісімен әрекет етуі мүмкін деп ойлады. Сөйтіп олар бөлініп кетті, әр тарапқа тарап, бытырап, жасырын жолмен қашып құтылуға тырысты. Ан-Насыр оларды қайтара алмады.

Хулагу әл-Бира арқылы өтіп, оны бағындырды және онда аль-Мәлик ан-Насырдың ағасы ас-Са’ид ибн әл-Азиздің тұтқында отырғанын көрді. Ол оны босатып, қандай жерлерге иелік еткенін сұрады. Ол: «Менің қолымда ас-Сабиба мен Банияс бар еді», – деді. Хулагу бұл аймақтарды оның иелігіне бекітетін жарлық жаздырды. Содан кейін ол Халабқа (Алеппо) тоқтап, қаланы қоршауға алды және оны күшпен жаулап алды. Ол Дамаск бағытында өз атынан бір қолбасшыны — ас-Сабан атты әмірді жасақтады, қасында парсы адамы ‘Ала ад-Дин әл-Қари және Халабтағы ан-Насырдың уәзірі аз-Зейн әл-Хафизбен бірге аттандырды. Өйткені, дәл осы уәзір елді оған тапсырып берген еді. Бұл хабар ан-Насырға жеткенде, ол сафар айының ортасында Дамасктен шығып кетті.

Хулагу /\* Халәбті (Алеппоны) жаулап алған кезде, оның тұрғындарына және ауылдардан келіп жиналғандарға қылышын сермеп, ол жерде сансыз көп халықты өлтірді, асылзадалар әулетінен болған шамамен жүз мың әйел мен баланы тұтқынға алып, оларды франктар аралдарына, армян жерлеріне құлдыққа саттырды. Қылыш жеті күн мен жеті түн бойы қырғын тоқтамады. Содан соң адамдарды өлтіру мен соғысты тоқтату жария етілді. Ал бекініс қарсыласып, олар оны қоршауға алып, ақырында басып алды.

**Сол кезде** (сол жылы – аудармашыдан) аталған адам өлтірілді. Оны татарлардың билеушісі Хулагу өлтірді. Ол Салмас тауларында өлтірілді. Және ол оның ұлы әл-‘Азизді өлтіруге бұйырды, бірақ оның әйелі Токузхатун оған оны аман алып қалуға өтініш білдіріп, ол оны кешірді [Хулагу оған Шам еліне қайтып, сол жерде өз ережелері бойынша орнығуға рұқсат етті. Және ол оны тастап кетті. Ол жолда жүргенде, Хулагуға Кетбұға ноянның талқандалғаны туралы хабар жетті және ол ан-Насыры жолдан қайтаруға бұйрық берді].

*Хулагуға және оның ұлдарына бекітілген аймақтар туралы баяндау*

Хорасан аймағы және оның орталығы — Нисабур. Оның әйгілі қалаларының қатарында — Тус, Герат, Термез, Балх, Хамазан, Ниса, Канджа, Нихауанд бар.

Парсы Ирагы (Ирак әл-‘Аджамий), оның орталығы — Исфахан. Оның қалаларының ішінде — Казуин, Қум, Кашан, Шахразур, Сиджистан, Табаристан, Кейлан (Гилян).

Әл-Исма‘илия жерлері.

Араб Ирағы, оның патшалық тағы — Бағдат. Оның қалалары — Уасит, әд-Динауар, әл-Куфа, әл-Басра және басқалар.

Әзербайжан және оның орталығы [Табриз. Парсылардың жерлері, олардың қалаларының ішінде — Шираз, әл-Ахуаз және басқалар]. Оның уәлаяттары ішінде — Киш, Ну‘ман, Казарун, әл-Бахрайн.

Дияр Бакир, оның орталығы — әл-Маусыл (Мосул). Оның қалалары — Мийафаркин, Нисыбин, Саджар, Исард, Рас әл-Айн, Денисар, Харран, ар-Раха, Жәзира Умар.

Ар-Рум жерлері, олардың орталығы — әл-Куния.

*Талқылау*

Зерттеу нәтижелері «Зубдат әл-Фикра» еңбегінде XIII ғасыр ортасындағы Таяу Шығыстың саяси және әскери тарихына қатысты аса құнды мәліметтердің жинақталғанын көрсетеді. Мәтіндік талдау Бейбарыс ад-Дауадар нарративінің екі негізгі сипатын айқындады: біріншіден, оқиғалардың тікелей куәгерге тән хронологиялық дәлдікпен берілуі, екіншіден, ислам өркениетінің рухани және саяси күйзелісін бейнелейтін әңгімелер арқылы баяндау. Автор Хулагудың Бағдатқа жасаған жорығын «құдайлық жаза» және «тағдыр үкімі» ретінде түсіндіре отырып, тарихи үдерістің моральдық өлшемдерін алға шығарады. Автор қаланың жеті күндік қоршауын, тұрғындарының азабын және қырғынның ауқымын егжей-тегжейлі суреттейді. Тіпті Тигр өзенінің тасып, қаланың су астында қалуын «құдай үкімінің орындалуы» ретінде бейнелейді. Мұндай нарративтік тәсіл ортағасырлық ислам тарихнамасына тән діни-символикалық сипаттарды көрсетеді. Жалпы, бұл тәсіл XIII ғасырдағы исламдық тарихнамаға тән сипаттардың бірі.

Еңбектегі халифа әл-Мұстасимнің тағдыры туралы мәлімет ерекше маңызды. Бейбарыстың айтуынша, халифаның өлімі моңғол әскери дәстүріне сәйкес жүзеге асқан: қан төгуден сақтану үшін ол қапқа салынып, ат тұяғымен жаншылып өлтірілген. Рашид әд-Дин мен Вассафтың нұсқаларымен салыстырғанда, Бейбарыстың баяндауы замандастардың тікелей куәліктеріне сүйенетіндіктен, анағұрлым шынайы көрінеді.

Рукн әд-Дин Бейбарыс ад-Дауадар мен Рашид әд-Диннің өз еңбектеріндегі оқиғаларды баяндауында бірқатар елеулі айырмашылықтар байқалады. Бейбарыс оқиғаларды көзімен көрген куәгердің нақтылығымен жеткізіп, оларды ислами тарихнаманың моральдық және риторикалық ұстанымдары арқылы түсіндіреді. Ал Рашид әд-Дин тарихи үдерістердің астарында жатқан саяси, туыстық және діни себептерді ашуға ұмтылатын аналитикалық тәсілді қолданады. Мәселен, Рашид әд-Дин Алтын Орда ішіндегі ішкі қақтығыстардың бастауын Ноғай мен Салжидай гүрған арасындағы туыстық және діни сипаттағы шиеленістермен байланыстырып, Ноғайдың қызы Хабақтың исламға өтуі сияқты жеке факторлардың кең ауқымды саяси толқуларға түрткі болғанын атап көрсетеді [10; 123–124].

А.А. Порсиннің «Зубдат әл-Фикраға» жүргізген деректанулық талдауы Бейбарыс ад-Дауадар баяндауының идеологиялық қырларын айқындай түседі. Бейбарыс Берке ханды Хулагудың саяси қарсыласы ретінде ғана емес, исламды қорғауды өзіне қасиетті міндет еткен тұлға ретінде сипаттайды. Мұндай интерпретация Берке мен Хулагу арасындағы қақтығысты «қасиетті соғыс» деңгейіне көтеріп, Алтын Орда мен Мысыр мәмлүк мемлекеті арасындағы қалыптасып келе жатқан одақтың саяси прагматизмі мен рухани риторикасының тоғысуын бейнелейді [6; 44–46]. XIV ғасырдың басында бұл қатынастар жаңа дипломатиялық мазмұнға ие болды. Алтын Орда билеушілері ислам әлеміндегі беделін нығайту мақсатында барынша мүддеге негізделген

дипломатияны қолдана бастады. Әл-Айнидің 1323–1324 жылдары Алтын Орда елшілігінің Каирге сапары жөніндегі мәліметі осы үдерісті айқын көрсетеді. Ол бұл оқиғаны сол дәуірдің халықаралық саяси кеңістігіндегі аса маңызды дипломатиялық актілердің бірі ретінде суреттейді [11; 370].

Осы кең ауқымды тарихнамалық дәстүрдің ішінде 1258 жылы Хулагудың Бағдатты алуы жөніндегі баяндау моңғол дәуіріне қатысты кейінгі исламдық тарихнаманың мазмұны мен бағытын айқындаған іргелі нарративтердің бірі. Бейбарыс ад-Дауадар мен Рашид әд-Дин еңбектері секілді, бұл мәтінде де моральдық, теологиялық және саяси интерпретациялар тоғысады: құдайлық жаза ұғымы адам әрекеттерінің себептерімен қатар қойылады, ал апат — моральдық рефлексияға негіз болатын тарихи кеңістікке айналады. Оның құрылымы мен стилі парсы-араб тарихнамасының ірі туындыларын — Жувейнидің «*Тарих-и Жахангуша*», Ибн әл-Фуватидің «*әл-Хауадис әл-Жамиға*» және Рашид әд-Диннің «*Жамиғ ат-Тауарих*» атты шығармаларын еске салады. Уәзір Муаййад әд-Дин Ибн әл-Алкамиді құлдыраудың моральдық себебі ретінде бейнелеуі — саяси күйреуді тек әскери жеңіліс тұрғысынан емес, этикалық себептілік жүйесі арқылы түсіндіруге ұмтылған жанрлық үрдістің айқын көрінісі.

Осы өзара сабақтас әңгімелердің шеңберінде XIII–XIV ғасырлардағы ислам тарихнамасы ортақ интеллектуалдық бағдарды танытады. Бұл Моңғол жаулаушылығын тек тарихи оқиғалар ретінде ғана емес, Жаратушы еркінің көрінісі әрі ислам әлемінің рухани және саяси қайта түзілуіне себепкер болған тетік ретінде ұғындыру еді.

Деректегі Хулагудың Бағдатқа жорығы Жувейнидің «Тарих-и жахан-гушай» еңбегіндегі сипаттаулармен сәйкес келеді, онда да Бағдатқа дейінгі кезеңде Дияр Бакир–Арзанджан–Камах бағытында өткелдерді тазарту, күрд тайпаларын талқандау және қалаға батыстан және шығыстан қос қапталдан жақындау тактикасы атап өтіледі. [12].

Рашид ад-Диннің «Жамиғ ат-таварихында» да Хулагу әскерінің құрылымы, Кетбұға ноянның рөлі мен Бағдат маңындағы әскери тактикалар осы еңбектегі деректерге ұқсас түрде баяндалады, алайда онда илхандық биліктің легитимациясына көбірек көңіл бөлініп, жорықтың «тәртіп орнату» миссиясы айқын ерекшеленеді [13].

Ал уәзір Му‘аййид ад-Дин ибн әл-‘Алкамидің «сатқындық» бейнесі қазіргі тарихнамада ерекше пікірталас тудырады. Кейбір авторлар оны Бағдаттың құлауына басты себепкер ретінде көрсетеді. Алайда басқа зерттеушілер, соның ішінде М.А. Карим Бағдаттың құлауын ішкі сатқындықтан гөрі аббаситтер билігінің ішкі әлсіреуі, әскери әлеуеттің төмендеуі және моңғолдардың аймақтық геосаяси артықшылығымен түсіндіруді ұсынады [14].

Хулагудың Бағдатты алуы және имам әл-Хақим би-Амриллаһқа жасаған әрекетін сипаттайтын мәтіндер Аббас әулеті билігінің өзгерісіндегі халифаттың құлауы мен оның қайта қалпына келтірілуіндегі бір-біріне қарама-қарсы, бірақ өзара сабақтас екі оқиғаны көрсетеді. Бірінші мәтін Жувейни мен Рашид әд-Диннің моңғолдардың Бағдатты жаулап алуын діни тұрғыда түсіндіреді. Ал екінші мәтінде, Сұлтан Бейбарыс тұсындағы Каирдегі халифаны тағайындау рәсімі арқылы мәмлүктердің билігін қайта жаңғыртқаны баяндалады. Бұл екі дерек XIII ғасырдағы мұсылмандық тарихнаманың қасіретті күйзелістен бастап, халифатты қайта қалпына келтіруге дейінгі өзгеру эволюциясын айқын көрсетеді. Нәтижесінде халифа әмбебап билік иесінен саяси билігінің қасиетті рәмізіне айналады. Халифаттық символизмнің осындай сабақтастығы мен жаңа мәнде қайта анықталуы Мустафа Бәнистердің еңбегінде кеңінен талданады [15].

«Зубдат әл-Фикрадағы» ерекше назар аударатын деректердің бірі — Кетбұға ноянның Хулагуға Бағдатты толық қиратпауға кеңес беруі. Мұнда Кетбұға діни сезімге емес, қаланы сақтап қалудың басқару үшін және экономика үшін тиімді болатынын алға тартады. Егер ол діни өшпенділікпен ойласа, қаланың жойылуын қолдауы мүмкін еді. Бірақ керісінше, оның әңгімесінде қаланың сақталуы маңызды орын алады. Бұл оның сириялық және грек-араб ойлау дәстүрлеріне тән кең, адамгершілікке бағытталған көзқарасын байқатады [16].

Бағдаттың күйреуі жөніндегі пайымдауларды салааралық зерттеулермен салыстыру маңызды. Дерек қаланың «қираған үйіндіге» айналғанын, мінберлер мен тақтардың бос қалғанын, мәдени орталықтың түбегейлі жойылғанын көрсетсе, басқа зерттеулер Бағдаттағы кейбір діни және азаматтық құрылыстардың 1258 жылдан кейін де сақталып, илхандық кезеңде қала біртіндеп экономикалық және мәдени орталық ретінде қайта жандана бастағанын айтады [17].

Демек зерттеліп отырған мәтін исламдық тарихи жадтағы «үлкен үзіліс» тәжірибесін, символикалық апаттың дәрежесін көрсету үшін қасірет масштабы мен «үзілмейтін халифат дәстүрінің» үзілуін барынша әсерлі түрде береді.

Мияфаркиннің екі жылдық қоршауы мен қаланың алынуы жөніндегі дерек моңғол жорықтарының Таяу Шығыстағы жүйелі экспансиялық стратегиясын айқын көрсетеді. Алдымен, негізгі орталықты (Бағдатты) талқандамас бұрын, айналадағы бекіністі аймақтарды әлсірету, олардың билеушілерін жою және әскери қарсылықтың ошақтарын толық жою тактикасын қолданған. Бұл оқиға Жувейнидің еңбегінде де аталады, әсіресе әл-Малик әл-Камильдің өлімі моңғол билігінің аймақтық элиталарды түбегейлі жою саясатының бір бөлігі ретінде түсіндіріледі. Ал, Байжудың өліміне қатысты баяндау моңғол ішкі саясатындағы күрделі билік қатынастарын көрсетеді. Дерек оны Хулагуға қасақана қарсы шыққан бүлікші ретінде сипаттайды. Мосул билеушісі әл-Мәлик ар-Рахимнің бағынуы жөніндегі әңгімелер моңғолдар кезеңіндегі аймақтық билеушілердің саяси таңдауының айқын мысалы бола алады. Бұл жерде дерек оның «елін сақтап қалу» үшін бағынысуын прагматикалық қадам ретінде келтіреді. Қазіргі зерттеулер де Мосулдың моңғолдармен салыстырмалы түрде бейбіт қатынас орнатқан санаулы аймақтардың бірі екенін растап, оның арқасында қала XIII ғасырдың екінші жартысында мәдени-экономикалық орталық ретінде сақтала алғанын көрсетеді. А. Петерсен зерттеуінде аймақтардың моңғол билігінің шарттарын қабылдауы көбіне жаппай қырғыннан құтылуға мүмкіндік бергені, ал бұл сұрақты дерек өте айқын жеткізетінін атап өтті. Мұның өзі моңғолдардың билік географиясын қалыптастырудағы «қатал жорық — жұмсақ басқару» моделін көрсетеді [17].

Эрбильдің қоршауы мен оның тұрғындарының қарсыласуы туралы көрініс аймақтағы саясат пен билікке адалдық мәселелерін ашады. Дерек тұрғындарды «мойынсұнған мұсылмандар» ретінде сипаттай отырып, олардың қарсылығы әскери емес, ритуалды-саяси сипатта болғанын меңзейді. Эрбильдің сол кезеңде аймақтық стратегиялық бекініс болғанын ескерсек, моңғолдарға қарсыласу тек діни-моральдық себеппен емес, нақты саяси-географиялық жағдаймен байланысты болғанын көрсетеді.

Әл-Мәлик ан-Насырдың үрейленуі және әскерінің тарап кетуі жөніндегі баяндау моңғол қысымына ұшыраған аймақ билеушілерінің ішкі тұрақсыздығын көрсетеді. Дерек оның әрекеттерін «әлсіздік» және «бей-берекет қорқыныш» ретінде сипаттайды, бірақ қазіргі зерттеушілер бұл кезеңде Сирия билеушілерінің Мысыр мамлүк сұлтандығымен байланыстарының күшейгенін, аймақтық саяси карта қайта құрылып жатқанын атап өтеді. Бұл тұрғыда деректегі ан-Насыр бейнесі субъективті риторикаға ие, ол моңғол экспансиясы алдындағы әмірлердің күйреуі мен ыдырауын «тағдыр жазуы» ретінде түсіндіретін ортағасырлық әдеби тәсілге негізделген.

Хулагуға бекітілген аймақтардың тізімі моңғол әкімшілік жүйесінің құрылымын түсінуге мүмкіндік береді. Мұнда Хорасан, Парсы Ирагы, Әзербайжан, Дияр Бакир, Араб Ирагы және Рум аймақтарының жеке аталуымен бірге олардың орталықтары мен бағынышты қалалары нақты көрсетілген. Бұл ақпарат Рашид ад-Диннің әкімшілік-географиялық шолуымен сәйкес келеді және илхандық биліктің алғашқы кезеңінде жүзеге асқан кең ауқымды территориялық қайта ұйымдастыруды көрсетеді. Геосаяси кеңістіктің осылай көрінуі деректің құндылығын арттырып, моңғолдар билігі тұсында аймақтардың қалай жіктелгенін нақты көруге мүмкіндік береді.

#### *Қорытынды*

Деректің тарихи маңызы оның көпқырлылығымен айқындалады. Ол XIII ғасырдың саяси тарихын ғана емес, билік идеологиясы, дін және саясат арасындағы өзара байланысты да көрсетеді. Мәселен, Бағдаттың «ислам әлемінің жүрегі» және «ғылым мен сауданың орталығы» ретінде сипатталуы қаланың қиратылуын ислам өркениетінің рухани және саяси орталығының күйреуі ретіндегі символдық мәнімен күшейтеді. «Құдайлық жаза», «халифат үкімінің аяқталуы», «қасиетті мекеннің қорлануы» сияқты тұжырымдар автордың дүниетанымын айқын танытады. Осы тұрғыда Бейбарыс ад-Дауадар оқиғаны тек тарихи шежіре ретінде емес, моральдық-этикалық сабақ ретінде де бағалайды. Мұндай тәсіл көптеген исламдық шығармаларға тән болғанымен, «Зубдат әл-Фикрада» ол көркем бейнелеу құралдарымен және тарихи дәлдікпен ерекше үйлесім тапқан.

Қорыта айтқанда, зерттеу нәтижелері «Зубдат әл-Фикраны» XIII ғасырдағы ислам әлемі мен Елхан мемлекеті арасындағы өзара әрекеттестікті зерделеуге арналған кешенді тарихи дереккөз ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Бейбарыс ад-Дауадардың еңбегі арқылы Хулагу ханның саяси стратегиясына, моңғолдардың ислам әлеміне көзқарасына және Бағдат апатының өркениеттік салдарына қатысты жаңа түсініктер ашылады.

### *Алғыс білдіру*

*Бұл зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің қаржылық қолдауымен жүзеге асырылды (жоба № АР26103827).*

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Тизенгаузен В. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Т. I: Извлечения из сочинений арабских / В. Тизенгаузен. — СПб.: Издано на иждивение С.Г. Строганова, 1884. XVI + 564 с.
- 2 Morgan D. The Mongols / D. Morgan. — Oxford: Blackwell, 1986.
- 3 Jackson P. The Mongols and the West: 1221–1410 / P. Jackson. — London: Pearson Longman, 1999. — 416 p.
- 4 Amitai R. Al-Nuwayrī as a historian of the Mongols / R. Amitai // The Historiography of Islamic Egypt. — 2001. — P. 23–36.
- 5 Richards D. S. A Mamluk Amir's Mamluk History: Baybars al-Mansuri and the Zubdat al-Fikra / D.S. Richards. In H. Kennedy (Ed.). The Historiography of Islamic Egypt. — 2001. — P. 37–44.
- 6 Порсин А.А. История Золотой Орды конца XIII — начала XIV веков в труде Рукн ад-Дина Бейбарса ал-Мансури «Зубдат ал-фикра» / А.А. Порсин. — Казань: Институт истории им. Ш. Марджани АН РТ, 2018. — 276 с.
- 7 Сабитов Ж.М. Интерпретация сведений «Зубдат ал-фикра» в научном труде А.А. Порсина / Ж.М. Сабитов // Золотоордынское обозрение. — 2020. — Т. 8, № 3. — С. 552–562
- 8 Сабитов Ж.М. Анализ достоверности «курейшитской генеалогии» Идегея из «Джами ат-таварих» Кадыр Али-бека и трактата «О роде князей Юсуповых» / Ж.М. Сабитов, С.А. Тулеубаева // Золотоордынское обозрение. — 2023. — Т. 11, № 2. — С. 453–462.
- 9 Тулеубаева С.А. Труд Эмира Рукн Ад-Дина Байбарса Аль-Мансури Ад-Дауадара «Зубдат Аль-Фикра Фи Тарих Аль Хиджра» как важный источник по истории правления Султана Байбарса / С.А. Тулеубаева // Вопросы востоковедения. — 2024. — № 1. — С. 96–103.
- 10 Rashid al-Din. Jami' al-Tawarikh (The Compendium of Chronicles). Vol. II. Translated by W.M. Thackston / Rashid al-Din. — Cambridge, MA: Harvard University / Columbia University Press, 1998. — pp. 123-124.
- 11 История Казахстана в арабских источниках / пер. с араб. яз.; сост. и ред. А.К. Муминов, В.П. Юдин. — Алматы: Дайк-Пресс, 2005. — Т. 1. — 412 с.
- 12 Boyle J. A. (Ed. and Trans.). The History of the World-Conqueror (Tarikh-i Jahangushay) by 'Ala al-Din 'Ata-Malik Juvayni / J. A. Boyle (Ed. and Trans.). — 2 vols. — Manchester: Manchester University Press, 1958.
- 13 Thackston W. M. (Ed. and Trans.). Rashiduddin Fazlullah's Jami'u't-Tawarikh: Compendium of Chronicles / W. M. Thackston (Ed. and Trans.). — 3 vols. — Cambridge, MA: Harvard University, 1998.
- 14 Karim M. A. Baghdad's fall and its aftermath: Contesting the Central Asian political background and the emergence of Islamic Mongol dynasties / M. A. Karim // Al-Jami'ah: Journal of Islamic Studies. — 2018. — 56(1). — 187–224.
- 15 Banister M. The Abbasid Caliphate of Cairo, 1261–1517: Out of the Shadows / M. Banister. — Edinburgh: Edinburgh University Press, 2021.
- 16 Porsin A. Reconstructing the Biography of Noyon Ket-Buga of the Naiman Tribe / A. Porsin // Gumilyov Journal of History. — 2025. — Vol. 7 — No. 37 — P.166–185.
- 17 Petersen A. The immediate aftermath of the sacking of Baghdad in 1258 CE: Archaeological and architectural evidence / A. Petersen. — Medieval worlds. — 2025. — 22. — P. 204–226.

С.А. Тулеубаева, Ж.М. Сабитов, А.М. Ташкараева

### **Сведения о взятии Багдада и политической роли Хулагу Илхана в «Зубдат эл-фикра»**

«Зубдат аль-фикра» — представляет собой ценнейший источник для изучения политических, военных и культурных взаимосвязей между государством Ильханидов, Мамлюкским султанатом Египта, Румским султанатом Сельджукидов и Улусом Джучи во второй половине XIII века. Цель исследования заключается в комплексном анализе сведений, содержащихся в данном источнике о жизни и политической деятельности Хулагу Илхана в 1250–1260-е годы, с выявлением их исторической и источниковедческой значимости. В статье рассматриваются ключевые события, такие как завоевание Багдада, утверждение власти Ильханидов, падение и последующее восстановление Аббасидского халифата, восшествие на престол аль-Хакима би-Амриллаха. На основе сравнительного анализа арабоязычных источников впервые выявлены и введены в научный оборот переведённые фрагменты «Зубдат аль-фикра», ранее не изученные в историографии. Полученные результаты позволяют уточнить хронологию событий эпохи Хулагу, а также по-новому осмыслить его политические и идеологические отношения с Мамлюкским султанатом, Улусом Джучи и исламским

миром в целом. Методологическую основу исследования составляют внешняя и внутренняя критика источников, текстологическое сопоставление и методы исторической реконструкции. Итогом исследования стало более глубокое понимание политической истории государства Ильханидов XIII века и переоценка исторической роли Хулагу Илхана в контексте исламской цивилизации.

*Ключевые слова:* Зубдат аль-Фикра, Хулагу Илхан, Берке-хан, Бейбарс ад-Давадар, аль-Хаким би-Амр Аллах, Мамлюкский Египет, Ильханство, Улус Джучи, XIII век, источниковедение.

S.A. Tuleubayeva, Zh.M. Sabitov, A.M. Tashkarayeva

## Accounts of the Capture of Baghdad and the Political Role of Hulagu Ilkhan in “Zubdat al-Fikra”

Zubdat al-Fikra is a significant historical source for studying the political, military, and cultural relations among the Ilkhanate, the Mamluk Sultanate of Egypt, the Rum Seljuk State, and the Jochid Ulus in the second half of the thirteenth century. The purpose of this study is to conduct a comprehensive analysis of the information in Zubdat al-Fikra concerning Hulagu Ilkhan's life and political activities during the 1250s–1260s, and to determine its historical and source-critical significance. The article examines key events such as the capture of Baghdad, the establishment of Ilkhanid power, the fall and restoration of the Abbasid Caliphate, the enthronement of al-Hakim bi-Amr Allah. Based on comparative analysis of Arabic sources, the research identifies and interprets previously unpublished excerpts from Zubdat al-Fikra, translated for the first time. These findings help clarify the chronology of Hulagu's era and offer new insights into his political and ideological relations with the Mamluk Egypt, the Jochid Ulus, and the wider Islamic world. The methodological framework of the study includes external and internal criticism of sources, textual comparison, and historical reconstruction. The results contribute to a deeper understanding of the political history of the Ilkhanate and reassess the historical role of Hulagu within the context of Islamic civilization.

*Keywords:* Zubdat al-Fikra, Hulagu Ilkhan, Berke Khan, Baybars al-Dawadar, al-Hakim bi-Amr Allah, Mamluk Egypt, Ilkhanate, Jochid Ulus, 13th century, source studies.

### References

- 1 Tizengauzen, V. (1984). *Sbornik materialov, otmosiashchikhsia k istorii Zolotoi Ordy. T. I: Izvlecheniia iz sochinenii arabskikh* [Collection of materials related to the history of the Golden Horde. Vol. I: Extracts from the works of the Arabs]. Saint Petersburg: Izdano na izhdivenie S.G. Stroganova [in Russian].
- 2 Morgan, D. (1986). *The Mongols*. Oxford: Blackwell.
- 3 Jackson, P. (1999). *The Mongols and the West: 1221–1410*. London: Pearson Longman.
- 4 Amitai, R. (2001). Al-Nuwayrī as a historian of the Mongols. *The Historiography of Islamic Egypt*, 23–36.
- 5 Richards, D.S. (2001). A Mamluk Amir's Mamluk History: Baybars al-Mansuri and the Zubdat al-Fikra. In H. Kennedy (Ed.), *The Historiography of Islamic Egypt*, 37–44.
- 6 Porsin, A.A. (2018). *Istoriia Zolotoi Ordy kontsa XIII — nachala XIV vekov v trude Rukn ad-Dina Beibarsa al-Mansuri «Zubdat al-fikra»* [The history of the Golden Horde in the late 13th — early 14th centuries in the work of Rukn ad-Din Baybars al-Mansuri “Zubdat al-fikra”]. Kazan: Institut istorii im. Sh. Mardzhani Akademii Nauk Respubliki Tatarstan [in Russian].
- 7 Sabitov, Zh.M. (2020). Interpretatsiia svedenii «Zubdat al-fikra» v nauchnom trude A.A. Porsina [Interpretation of the information from Zubdat al-fikra in the scientific work of A.A. Porsin]. *Zolotoordynskoe obozrenie — Golden Horde Review*, 8, 3, 552–562 [in Russian].
- 8 Sabitov, Zh.M., & Tuleubaeva, S.A. (2023). Analiz dostovernosti «kureishitskoi genealogii» Idegeia iz «Dzhami at-tavarikh» Kadyr Ali-beka i traktata «O rode kniaziei Yusupovykh» [Analysis of the reliability of the “Quraysh genealogy” of Idegey from “Jami at-tavarikh” by Kadir Ali-bek and the treatise “On the family of the Yusupov princes”]. *Zolotoordynskoe obozrenie — Golden Horde Review*, 11, 2, 453–462 [in Russian].
- 9 Tuleubaeva, S.A. (2024). Trud Emira Rukn Ad-Dina Baibarsa Al-Mansuri Ad-Dauadara «Zubdat Al-Fikra Fi Tarikh Al Khidzra» kak vazhnyi istochnik po istorii pravleniia Sultana Baibarsa [The work of Emir Rukn Ad-Din Baibars Al-Mansuri Ad-Dauadar “Zubdat Al-Fikra Fi Tarikh Al Hijra” as an important source on the history of the reign of Sultan Baibars]. *Voprosy vostokovedeniia — Issues of Oriental Studies*, 1, 96–103 [in Russian].
- 10 Rashid al-Din. (1998). *Jami' al-Tawarikh (The Compendium of Chronicles)*. Vol. II. Translated by W.M. Thackston. Cambridge, MA: Harvard University / Columbia University Press.
- 11 Muminov, A.K., & Yudin, V.P. (2005). *Istoriia Kazakhstana v arabskikh istochnikakh* [History of Kazakhstan in Arabic sources]. Almaty: Daik-Press [in Russian].
- 12 Boyle, J.A. (Eds. and Trans.). (1958). *The History of the World-Conqueror (Tarikh-i Jahangushay) by 'Ala al-Din 'Ata-Malik Juvayni*. 2 vols. Manchester: Manchester University Press.

13 Thackston, W.M. (Eds. and Trans.). (1998). *Rashiduddin Fazlullah's Jami'u't-Tawarikh: Compendium of Chronicles*. 3 vols. Cambridge, MA: Harvard University.

14 Karim, M.A. (2018). Baghdad's fall and its aftermath: Contesting the Central Asian political background and the emergence of Islamic Mongol dynasties. *Al-Jami'ah: Journal of Islamic Studies*, 56 (1), 187–224.

15 Banister, M. (2021). *The Abbasid Caliphate of Cairo, 1261–1517: Out of the Shadows*. Edinburgh: Edinburgh University Press

16 Porsin, A. (2025). Reconstructing the Biography of Noyon Ket-Buga of the Naiman Tribe. *Gumilyov Journal of History*, 7, 37, 166–185.

17 Petersen, A. (2025). The immediate aftermath of the sacking of Baghdad in 1258 CE: Archaeological and architectural evidence. *Medieval worlds*, 22, 204–226.

### Авторлар туралы мәліметтер

**Тулеубаева Самал** — филология ғылымдарының докторы, шығыстану кафедрасының профессоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан <https://orcid.org/0000-0001-7186-156X>

**Сабитов Жаксылык** — PhD, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті «Жошы ұлысын зерделеу ғылыми институтының» директоры, Астана, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0001-7186-156X>

**Ташкараева Асель** — PhD, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті «Жошы ұлысын зерделеу ғылыми институтының» бас ғылыми қызметкері, Астана, Қазақстан, <https://orcid.org/0009-0003-0320-0606>

### Information about the authors

**Tuleubayeva Samal** — Doctor of Philological Sciences, Professor at the Department of Oriental Studies, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0003-0002-8401>

**Sabitov Zhaksylyk** — PhD, Director of the Scientific Institute for the Study of the Ulus of Jochi, Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0001-7186-156X>

**Tashkarayeva Assel** — PhD, Researcher at the Scientific Institute for the Study of the Ulus of Jochi, Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan, <https://orcid.org/0009-0003-0320-0606>